

"Құқықтық кадастрын қолдауға қойылатын талаптарды және құқықтық кадастрга қол жеткізу қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Әділет министрінің 2018 жылғы 11 қыркүйектегі № 1382 бұйрығына өзгерістер енгізу туралы

Қазақстан Республикасы Әділет министрінің м.а. 2021 жылғы 11 маусымдағы № 493 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2021 жылғы 18 маусымда № 23085 болып тіркелді

БҰЙЫРАМЫН:

1. "Құқықтық кадастрын қолдауға қойылатын талаптарды және құқықтық кадастрга қол жеткізу қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Әділет министрінің 2018 жылғы 11 қыркүйектегі № 1382 бұйрығына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 17360 болып тіркелген) келесі өзгерістер енгізілсін:

Жоғарыда аталған бұйрықтың тақырыбы мынадай редакцияда жазылсын:

"**Құқықтық кадастрын қолдауға қойылатын талаптарды және құқықтық кадастрга қол жеткізу қағидасын бекіту туралы.**".

Аталған бұйрықпен бекілген Құқықтық кадастрга қол жеткізу туралы Қағидаға:

4-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"4. ЖМТ МДҚ ақпараттық ресурстарына жаңа есептік жазбаны құру кезінде пайдаланушының Басшысы осы Қағиданың қосымшасына сәйкес өтінімді (бұдан әрі – өтінім) электрондық түрде ресімдейді, ол жұмысқа қабылданғаны жөніндегі бұйрықтың сканерленген көшірмесін электрондық құжат айналымы жүйесі арқылы оператордың мекенжайына орындалуға жіберіледі. Содан кейін ЖМТ МДҚ әкімшісі алғашқы парольмен пайдаланушының есептік жазбасын құрады.";

5-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"5. Мемкорпорацияның қызметкері жұмыстан шыққан немесе басқа лауазымға ауысқан, не Мемкорпорацияның басқа құрылымдық бөлімшесіне ауысқан кезінде, ЖМТ МДҚ пайдаланушының басшысы өтінімді электрондық түрде ресімдейді және ресми хатпен бұйрықтың сканерленген көшірмесі қоса беріле отырып, электрондық құжат айналымы жүйесі арқылы оператордың мекенжайына орындалуға жіберіледі".

2. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің Тіркеу қызметі және заң қызметін ұйымдастыру департаменті Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен осы бұйрықты мемлекеттік тіркеуді қамтамасыз етсін.

3. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау жетекшілік ететін Қазақстан Республикасы Әділет вице-министріне жүктелсін.

4. Осы бұйрық алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін құнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасы

Әділет Министрінің міндеттің атқаруши

A. Әміргалиев

"КЕЛІСІЛГЕН"

Қазақстан Республикасының

Цифрлық даму, инновациялар және
аэрофарыш өнеркәсібі министрлігі

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және
құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК